

Жергілікті қоғамдастық
жиналысының хаттамасымен
бекітілген
№6
«07» тамыз 2019 жыл

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМУ ТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Игілік ауылдық округі

(аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің атауы)

Сарысу ауданы Жамбыл облысы

(аудан және облыс атауы)

2019 – 2021 жылдарға

Әзірлеуші: «Игілік ауылдық округі әкімінің аппараты» ҚММ

ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Бағдарламаның атауы	2019 – 2021 жылдарға арналған Жамбыл облысы Сарысу ауданы Игілік ауылдық округі дамыту бағдарламасы
Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің негізгі сипаттамалары	<ul style="list-style-type: none">- Игілік ауылдық округі 2001 жылы құрылған.- Игілік ауылдық округінде 2019 жылдың 1 қаңтарына 2 530 халықты құрайды.- Игілік ауылдық округіне Өндіріс, Игілік, Талас елді мекендері кіреді.- Ауылдық округтің жалпы жер көлемі 124 084,51 га құрайды.- Жергілікті қоғамдастық жиынының құрылған уақыты 2015 жыл, мерзімі 5 жыл-Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің саны - 14 адам

II. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ.

2.1 Ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының қысқаша талдауы

ЖҚДБ 2019-2021 жылдар аралығында халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында, экономикалық әрекеттің, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуын жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты жұмыспен қамтуды қарастырады.

Жер аумағы барлығы - 124 084,51 га, оның ішінде: халық орналасқан жер телімдері – 9 849,0 га, ауыл шаруашылығы жерлері – 50 803,63 га (оның ішінде: суармалы егістік - 1 535,12 га, жайылым - 41 506,11 га, шабындық жерлер - 2 888,0 га, көп жылдық екпе - 31,8 га, тәлімдік жер – 1 933,6 га, бөгде жерлер - 2 909,0 га), өнеркәсіп, көлік, байланыс және қорғаныс жері - 139,4 га, орман қорының жері – 39 681,0 га, босалқы жер – 23 611,4 га.

Ауылдық округтің халық саны 2 530 адам, отбасы саны - 556, ерлер – 1 189, әйелдер – 1 341, оның ішінде: жасөспірімдер - 376 адам.

Әлеуметтік белсенді халық саны – 1 417, жұмыспен қамтылғаны - 743, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны - 580, өз-өзін жұмыспен қамтығандар - 35, Экономикалық енжар халық саны - 59.

Шаруашылық субъектілерінің барлығы - 171, оның ішінде: ӨК - 2, ШҚ - 134, ЖК - 35.

Қызмет көрсету объектілері барлығы – 8, оның ішінде: сауда саттық объектілері - 6, тойхана - 1, жанармай құю бекеті - 1.

2019 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша, мал басы (бас): МІҚ – 1 922, оның ішінде: аналық - 769, сауылатын сиырлар - 300, түйе - 263, жылқылар – 622, қой мен ешкілер – 21 345, құстар - 1150.

Мемлекеттік мекемелер - 16, оның ішінде: ауылдық округі әкімі аппараты - 1, полиция учаскесі - 1, орта мектеп - 2, бөбекжай - 1, шағын орталық - 2, клуб - 2, кітапхана - 2, пошта бөлімшесі - 2, амбулатория - 1, медициналық пункт - 1, өнер мектебі - 1.

Білім беру мекемелері - 4, оның ішінде: орта мектеп - 2, бөбекжай-бақшасы - 1, өнер мектебі - 1:

Ж.Отарбаев атындағы ОМ, орын саны - 350, бала саны - 180, мұғалім саны - 48;

Шоқай датқа ОМ орын саны - 380, бала саны - 330, мұғалім саны - 59;

Игілік ауылдық балалар өнер мектебі, орын саны - 140, бала саны - 160, мұғалім саны - 18;

«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы, орын саны - 75, бала саны - 75, қызметкерлер саны - 36.

Денсаулық сақтау мекемелері барлығы - 2, оның ішінде ДА- 1, МП - 1.

Мед.персоналдар саны - 7, оның ішінде: аға дәрігер - 1, орта буын мед.персоналдар - 6.

Қызмет көрсету саласында пошта байланыс бөлімшесі - 2

Телефон байланысымен қамтылған елді мекендер саны - 2, телефон байланысы саны - 174, оның ішінде (жеке тұлға - 158, заңды тұлға - 16), ұялы байланыс тобының нақтысы - 4.

Игілік ауылының тұрғындары 209 жеке шахталық құдықтарын пайдалану арқылы ауыз суға қол жеткізілген.

Өндіріс ауылының тұрғындары 219 жеке шахталық құдықтарын пайдалану арқылы ауыз суға қол жеткізілген және коммунар совхозы кезінде жүргізілген су желісі Ж.Жұмабеков көшесінің бойындағы 3 калонка арқылы кешкі сағат 17⁰⁰-19⁰⁰ аралығында уақытылы беріледі. Қызмет көрсетуші мекеме – «Сарысу сулары» КМК.

Ауыл ішіндегі көлік жолдарының жалпы ұзындығы - 12,51 шақырым, оның ішінде: асфальт жол - 11,31 шқ, топырақ жол - 1,2 шқ.

Ұзындығы 9,75 шқ көшелер жарықтандырылған.

2.2 Проблемалық мәселелер мен тәуекелдер

- Игілік ауылындағы тозығы жеткен 1 көшеге орта жөндеу жұмыстарын жүргізу;

- Өндіріс және Игілік ауылдарында тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған қоқыс орнына қоршау орнату;

- Әкімшілік ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу;

- Игілік және Өндіріс ауылдық клуб үйлерін ағымдағы жөндеуден өткізу;

- Игілік және Өндіріс ауылындарына мәдени-спорттық кешенін салу;

- Игілік ауылдық округіндегі елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету;

- Жамбыл облысы Сарысу ауданы Игілік ауылындағы «Балбөбек» балабақшасының қазандығының құрылысын салу;

- Өндіріс ауылына жаңадан ФАП (фельдшерлік-акушерлік пункт) салу;

- Игілік ауылдық округіндегі елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету.

III. ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Қаржыландыру көлемі (мың.теңге)	Қаржыландыру көзі	Іске асыру мерзімдері
1	2	3	4	5	6
I. ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ					
1.1	Өндіріс ауылына "Жасыл белбеу" қорғаныш алқабын орнату	Қабылдау актісі	2 597,0	АБ	2019 жыл
1.2	Игілік және Өндіріс ауылдарының сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту	Қабылдау актісі	166 667,0	РБ, ОБ	2019-2020 жылдар
1.3	Игілік ауылына "Жасыл белбеу" қорғаныш алқабын орнату	Қабылдау актісі	18 723,0	ОБ, АБ	2020 жыл
1.4	Игілік ауылындағы саябақты абаттандыру	Қабылдау актісі	2 597,0	АБ	2020 жыл
1.5	«Сарысу ауданы Игілік, Саудакент және Жанаталап ауылдық округтеріне қатты тұрмыстық қалдықтар (ТБО) тастайтын орын құрылысын салу»	Қабылдау актісі	165 769,0	РБ, ОБ	2021 жыл
Барлығы:			356 353,0		
II. МӘДЕНИЕТ, СПОРТ, ТУРИЗМ					
2.1	Игілік ауылындағы Орманов көшесі №38 клуб үйін ағымдағы жөндеу	Қабылдау актісі	8 107,2	ОБ, АБ	2020 жыл
2.2	Өндіріс ауылдық клуб үйін ағымдағы жөндеу	Қабылдау актісі	7 999,7	ОБ, АБ	2021 жыл
2.3	Өндіріс ауылына Кіші футбол спорт алаңын орнату	Қабылдау актісі	7 000,0	ОБ	2021 жыл
2.4	Игілік ауылына Кіші футбол спорт алаңын	Қабылдау	10 173,9	ОБ	2021 жыл

	орнату	актісі			
	Барлығы:		33 280,8		
III. КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ					
3.1	Игілік ауылындағы А.Назарбеков көшесінің жол жабындысын орта жөндеу	Қабылдау актісі	36 237,5	ОБ, АБ	2019 жыл
3.2	Өндіріс ауылындағы М.Әбішов көшесінің жол жабындысын орта жөндеу	Қабылдау актісі	16 142,5	ОБ, АБ	2019 жыл
3.3	Өндіріс ауылындағы Ж.Жұмаділов көшесінің жол жабындысын орта жөндеу	Қабылдау актісі	19 187,4	ОБ, АБ	2019 жыл
3.3	Игілік ауылына кіре беріс көшені орта жөндеу	Қабылдау актісі	16 900,0	ОБ, АБ	2020 жыл
3.4	Өндіріс ауылына кіре беріс көшені орта жөндеу	Қабылдау актісі	5 920,0	ОБ, АБ	2020 жыл
3.5	Игілік ауылындағы Рысбаев көшесін орта жөндеу	Қабылдау актісі	24 260,0	ОБ, АБ	2021 жыл
3.6	Өндіріс ауылындағы Әжікұлы көшесін орта жөндеу	Қабылдау актісі	17 100,0	ОБ, АБ	2021 жыл
	Барлығы:		135 747,4		
	ЖИЫНТЫҒЫ:		525 381,2		

Ескертпе: Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды іске асыруға «Игілік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жауапты болып табылады.